

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

---

БАКАЛАВРИАТ

## **БИОСТАТИСТИКА**

5B110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы

Сағат көлемі – 90 (2 кредит)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана 2011

## **АЛҒЫ СӨЗ**

1. **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, «Астана медицина университеті» АҚ, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академия, Қазақстан-Ресей медицина университеті
2. **АЛҒАШ РЕТ** енгізілген
3. **Үлгілік оқу бағдарламасы** 5B110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша ҚР 2009 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген
4. **Үлгілік оқу бағдарламасы** Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 26 қазандағы №734 бұйрығымен бекітілген.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                            |    |
|----------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Түсініктеме .....                                                       | 4  |
| 2. Пән бойынша сағаттың бөлінуі.....                                       | 7  |
| 3. Пәннің мазмұны және сабақтардың тақырыптық жоспарының<br>үлгілері ..... | 7  |
| 4. Оқу және оқыту әдістері.....                                            | 12 |
| 5. Студенттердің білімін бағалау.....                                      | 13 |
| 6. Құрал-жабдықтар.....                                                    | 13 |
| 7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....                                    | 13 |

Бұл типтік оқу бағдарламасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

## 1 ТҮСІНІКТЕМЕ

Жұқпалы аурулардың пайда болу себептерін анықтау және жою мақсатында әртүрлі аймақтардағы эпидемиялық жағдайларды зерттеу және талдаудың ғылыми және практикалық маңызы зор. Эпидемиялық үрдістің заңдылығын және оны тудыратын факторларды біле отырып, бұл үрдістің әрі қарай даму барысы жөнінде тұжырым жасауға болады. Болжау нәтижелерін практикада қолдану тұрғындардың жұқпалы аурулармен ауыруының алдын-алу шараларын аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлау және оларды басқаруға ғылыми тұрғыдан қараумен байланысты.

Эпидемиологияда талдаудың статистикалық әдістерін қолдану қажеттілігі тіпті бір аймақтағы эпидемиялық үрдістердің пайда болу көрсеткіштері жылылық және жыларалық жағдайда айтарлықтай өзгеріп отыруымен байланысты. Статистикалық талдау эпидемиялық үрдістердің пайда болуларының өзгерулері жөніндегі ақпараттың шынайылығын, кейбір шарттардың, оның ішінде антропогендік ластанудың оған ықпалын бағалауға, және сол аймақ үшін нақты факторлардың ролінің маңыздылығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Сонымен, эпидемиологияның дамуының қазіргі замандағы кезеңі әртүрлі статистикалық әдістерді, олардың эпидемиологиялық диагностикада қолданылу шекараларын білуді талап етеді.

Статистика принциптерін білу денсаулық сақтаудағы әртүрлі жағдайлар мен ағымдарды бағалауға арналған зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және талдау, сонымен бірге медициналық биология, клиника және денсаулық сақтау салаларындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін, заманауи медициналық басылымдардағы хабарламаларды түсіну және сыни көзбен бағалау үшін аса қажет.

Биостатистика – медицина, денсаулық сақтау және эпидемиологиядағы ғылыми зерттеулерде статистикалық әдістерді қолданылуымен байланысты ғылыми сала. Практикаға дәлелді медицинаның принциптерін ендіру медициналық жоғары оқу орындарының қазіргі заманғы түлектері үшін биостатистиканы түсіну қажеттілігінің қаншалықты маңызды екендігін айқындап отыр.

Биостатистика пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаға биологиялық статистика теориясының негіздері, таңдама тәсіл, статистикалық жорамалдарды тексеру, стандарттау әдісі, дисперсиялық, регрессиялық, корреляциялық талдаулар негіздері, зерттеулерді ұйымдастыру теориясы мен тәжірибені жоспарлау негіздері енгізілді.

Теориялық зерттеулерде болсын, сол сияқты гигиена және эпидемиология маманының практикалық қызметінде болсын, медициналық және биологиялық деректерді статистикалық талдау мәдениетін жоғарылату қажеттілігінің туындауы, ең алдымен, деректерді бейнелеу мен жүйелеу мәселелерін компьютерлік құралдармен іске асырудың заманауи жетістіктерімен түсіндіріледі.

Студентке SAS, SPSS статистикалық кәсіптік, Statistica әмбебап қолданбалы бағдарламалар пакеттерін қолдана білу және алынған нәтижелерді нақты түсіндіре білу ерекше маңызды.

**Пәннің мақсаты:** биологиялық статистиканың теориялық негіздерін оқыту және статистикалық өңдеу әдістерін гигиеналық және эпидемиологиялық талдауда қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің міндеттері:**

- биологиялық және медициналық деректерді өңдеудің қазіргі заманғы статистикалық әдістері жөнінде білім негіздерін қалыптастыру;
- биологиялық және медициналық деректерді өңдеу үшін қазіргі заманғы статистикалық әдістерді қолданудың негізгі дағдыларын қалыптастыру.

**Білім берудің түпкілікті нәтижелері (компетенциялары)**

| <b>Студент тиісті:</b> | <b>компетенциялар</b>                                                               |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>білуге</b>          | деректердің түрлерін және оларды бейнелеу тәсілдерін;                               |
|                        | өлшеу шкалаларын;                                                                   |
|                        | таңдама тәсілді;                                                                    |
|                        | таңдаманың репрезентативтілігін;                                                    |
|                        | таңдаманың сандық сипаттамаларын;                                                   |
|                        | бас жиынтық параметрлерін;                                                          |
|                        | сенім ықтималдығы мен мәнділік деңгейін;                                            |
|                        | сенім аралығын;                                                                     |
|                        | орта мәннің стандарттық қатесін;                                                    |
|                        | критерий қуаттылығын;                                                               |
|                        | бірінші және екінші текті қателіктерді;                                             |
|                        | қалыпты таралу заңының қасиеттерін;                                                 |
|                        | Стьюденттің t-критерийлері;                                                         |
|                        | жорамалдарды тексерудің параметрлік емес критерийлерін;                             |
|                        | келісім критерийлерін;                                                              |
|                        | бірфакторлы дисперсиялық талдауды;                                                  |
|                        | регрессиялық талдауды;                                                              |
|                        | корреляциялық тәуелділікті;                                                         |
|                        | Пирсон корреляциясының коэффициентін, Спирменнің рангілік корреляция коэффициентін; |
|                        | эпидемиологиялық талдаудың негізгі критерийлерін, эпидемиологиялық көрсеткіштерді;  |
|                        | медициналық-биологиялық эксперимент кезеңдерін, оны жоспарлауды;                    |

|                           |                                                                                                            |
|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | компьютерлік статистикалық бағдарламалар: қолданбалы бағдарламалар пакеті SPSS, Statistica, SAS.           |
| <b>үйреніп алуға</b>      | деректерді өңдеудің статистикалық әдістерін қолдануды;                                                     |
|                           | биостатистикадағы өлшеулердің шынайылығын бағалауды, айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін анықтауды; |
|                           | таралудың статистикалық қатарларын анықтау және олардың теориялық таралу заңдарына сәйкестігін бағалауды;  |
|                           | олардың дәлдігі мен сенімділігін бағалауды;                                                                |
|                           | статистикалық қатардың сандық сипаттамаларын есептеуді;                                                    |
|                           | қалыпты таралу заңы шарттарының орындалуын тексеруді;                                                      |
|                           | деректерді графиктік түрде кескіндеуді;                                                                    |
|                           | бас орта үшін сенім аралығын табуды;                                                                       |
|                           | бірфакторлық дисперсиялық талдау әдістерін қолдануды;                                                      |
|                           | сызықтық регрессия теңдеуін анықтауды;                                                                     |
|                           | регрессия коэффициентінің мәнділігі жөніндегі жорамалды тексеруді;                                         |
|                           | корреляцияның таңдама коэффициентін есептеуді;                                                             |
|                           | корреляция коэффициенті маңыздылық жорамалын тексеруді;                                                    |
|                           | SPSS, Statistica, SAS қолданбалы бағдарламалар пакетімен жұмыс істеуді                                     |
|                           | қорытынды кесте дайындауды: іс-әрекет саны, орташа, стандартты қателіктер, орташа қателіктері;             |
|                           | алынған нәтижелеріне интерпретация беруді;                                                                 |
| <b>машықтарды игеруге</b> | SAS, SPSS, Statistica қолданбалы бағдарламалар пакеттерімен жұмыс істеуді;                                 |
|                           | Стьюденттің, Фишердің, Пирсонның t-критерийімен жұмыс істеуді;                                             |
|                           | Негізгі статистикалық критерийлермен жұмыс істеуге.                                                        |

### **Пререквизиттер мен постреквизиттер**

**Пререквизиттер:** математиканың мектеп курсы, информатика, медициналық биофизика, медициналық биология, генетика, радиобиология.

**Постреквизиттер:** эпидемиология дезинфекциялық іс негіздерімен.

## 2 ПӘН БОЙЫНША САҒАТТЫҢ БӨЛІНУІ

| Сағаттың жалпы саны | Аудиториялық сағаттар |                      |      | СӨЖ |
|---------------------|-----------------------|----------------------|------|-----|
|                     | Дәрістер              | Практикалық сабақтар | ОСӨЖ |     |
| № 1 кредит - 45     | 3                     | 12                   | 15   | 15  |
| № 2 кредит - 45     | 3                     | 12                   | 15   | 15  |

### 3 Пәннің мазмұны\* және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері\*\*

#### №1 кредит

#### Кіріспе. Гигиеналық және эпидемиологиялық талдаудағы статистикалық әдістер

Зерттелетін құбылыстың шынайы табиғатын зерттеудегі биостатистиканың мәні. Ф.Гальтон, Р.Фишер және К.Пирсонның биометриканың дамуындағы рөлдері. Биостатистиканың нысандары, мақсаттары мен міндеттері. Медициналық-биологиялық зерттеулерде қолданылатын өлшеу шкалаларының негізгі түрлері. Сандық және сапалық белгілер. Статистикалық деректерді кескіндеудің графиктік әдісі. Биостатистикадағы өлшеулердің сенімділігі мен шынайылығы.

#### Жиынтықтың параметрлерін бағалау

Таңдама тәсіл. Таралудың дискреттік және интервалдық статистикалық қатарлары. Таңдаманың сандық сипаттамалары. Таңдама сипаттамалары бойынша бас жиынтықтың параметрлерін бағалау. Стандарттық қате. Бас жиынтық параметрлерінің нүктелік және аралық бағалары. Сенім ықтималдықтары мен сенім аралықтары. Вариациялық қатардың әртүрлілік критерийі. Вариация коэффициенті. Эпидемиологиялық көрсеткіштердің статистикалық бағалары. Қалыпты таралу және оның параметрлері. Асимметрия және эксцесс коэффициенттері 3 сигма ережесі.. Стандартталған көрсеткіштер. Стандарттау әдістері.

#### Статистикалық жорамалдарды тексеру теориясының негіздері

Биомедициналық зерттеулерде қолданылатын статистикалық жорамалдар. Мәнділік деңгейі. Нөлдік және балама жорамалдар. Бірінші және екінші текті қателер. Критерийдің қуаттылығы. Жорамалдарды тексерудің негізгі кезеңдері. Таралудың түрі жөніндегі жорамалды тексеру. Шапиро-Уилкс критерийі. Екі таңдаманы салыстырудың параметрлік критерийлері. Студенттің t-критерийі. Екі таңдаманы салыстырудың параметрлік емес критерийлері. Манн-Уитни критерийі. Уилкоксон критерийі. Таңбалар критерийі. Пирсонның Хи-квадрат, Колмогоров-Смирновтың келісім критерийлері.

**№1 кредит дәрістерінің, практикалық сабақтарының, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптық жоспарының үлгілері**

**Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі**

| <b>№</b> | <b>Тақырыптары</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | <p><b>Кіріспе. Биостатистика негіздері. Таңдама тәсіл.</b></p> <p>Биостатистиканың пәні мен міндеттері. Ф.Гальтон, Р.Фишер және К.Пирсонның биометриканың дамуындағы рөлдері. Биостатистиканың нысандары, мақсаттары мен міндеттері. Медициналық-биологиялық зерттеулерде қолданылатын өлшеу шкалаларының негізгі түрлері. Сандық және сапалық деректер.</p> <p>Бас жиынтық және таңдама. Таңдаманың репрезентативтілігі. Таңдаманың статистикалық таралуы және оның сандық сипаттамалары. Қалыпты таралу және оның параметрлері. Бас жиынтық параметрлерінің нүктелік және аралық бағалары.</p> |
| 2.       | <p><b>Статистикалық жорамалдарды тексеру теориясының негіздері. Параметрлік критерийлер.</b></p> <p>Биостатистикалық зерттеулерге қолданылатын статистикалық жорамалдар. Бірінші және екінші текті қателіктер. Мәнділік деңгейі. Критерий қуаттылығы. Статистикалық критерийлер. Қалыпты таралған жиынтықтардың параметрлері туралы жорамалдарды тексеру. Екі таңдаманы салыстырудың параметрлік критерийлері. Студенттің t-критерийі, оның қолданылу шекаралары.</p>                                                                                                                            |
| 3        | <p><b>Статистикалық жорамалдарды тексеру теориясының негіздері. Параметрлік емес критерийлер.</b></p> <p>Келісім критерийлері. Таралу түрі жөніндегі жорамалды тексеру. Манн-Уитнидің, Уилкоксонның параметрлік емес критерийлері. Пирсонның Хи-квадрат, Колмогорова-Смирновтың келісім критерийлері.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|          | <b>Барлығы: 3 сағат</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

**Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі**

| <b>№</b> | <b>Тақырыптары</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | <p><b>Таралудың дискретті статистикалық қатары.</b></p> <p>Вариациялық қатар. Дискретті статистикалық таралудың сандық сипаттамалары: таңдама орта, таңдама дисперсия, орта квадраттық ауытқу, мода, медиана. Асимметрия мен эксцесстің таңдама коэффициенттері. Жиіліктер және салыстырмалы жиіліктер полигоны.</p> |
| 2.       | <p><b>Бас жиынтық параметрлерін бағалау. Статистикалық жорамалдарды тексеру.</b></p> <p>Бас жиынтықтың параметрлерін нүктелік және интервалдық бағалау. Сенім аралықтарын табу. Қалыпты таралған жиынтықтардың</p>                                                                                                   |

|    |                                                                                                                                                                                                                                             |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | параметрлері жөніндегі жорамалдарды тексеру.                                                                                                                                                                                                |
| 3. | <b>Жорамалдарды тексерудің параметрлік критерийлері.</b><br>Биомедициналық деректерді талдау үшін Стьюденттің t-критерийі. Екі тәуелсіз таңдамалар үшін жұптаспаған критерий. Таңдама көлемдері тең және тең емес жағдайлар.                |
| 4. | <b>Жорамалдарды тексерудің параметрлік емес әдістері.</b><br>Стьюдент критерийінің параметрлік емес аналогы: Манн – Уитни (U-критерий) критерийі. Емдеуге дейінгі және емдеуден кейінгі бақылау нәтижелерін салыстыру. Уилкоксон критерийі. |
|    | <b>Барлығы: 12 сағат</b>                                                                                                                                                                                                                    |

**Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) тақырыптарының үлгісі**

| <b>№</b> | <b>Тақырыптары</b>                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | <b>Интервалдық статистикалық қатар.</b><br>Стерджес формуласы. Интервалдық статистикалық қатардың сандық сипаттамалары. Жиіліктер және салыстырмалы жиіліктер гистограммасы.                                                                                                                     |
| 2.       | <b>Жорамалдарды тексерудің параметрлік критерийлері.</b><br>Биомедициналық деректерді талдау үшін Стьюденттің t-критерийі. Тәжірибеге дейінгі және одан кейінгі бақылау. Стьюденттің жұптасқан критерийі. SPSS, Statistica компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерді статистикалық өңдеу. |
| 3.       | <b>Жорамалдарды тексерудің параметрлік емес әдістер.</b><br>Тәжірибеге дейінгі және одан кейінгі бақылау: таңбалар критерийі (z-критерий). SPSS, Statistica компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерді статистикалық өңдеу.                                                                |
| 4.       | <b>Аралық бақылау</b>                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|          | <b>Барлығы: 15 сағат</b>                                                                                                                                                                                                                                                                         |

**Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі**

| <b>№</b> | <b>Тақырыптары</b>                                                                               |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.       | Болжаудың статистикалық әдістері.                                                                |
| 2.       | Көптік салыстыру. Бонферрони түзетуімен Стьюдент критерийі.                                      |
| 3.       | Statistica 6.0. бағдарламасымен медициналық-биологиялық деректерге статистикалық талдау жүргізу. |
| 4.       | SAS бағдарламасымен медициналық-биологиялық деректерге статистикалық талдау жүргізу.             |

|    |                                                                                       |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 5. | SPSS бағдарламасымен медициналық-биологиялық деректерге статистикалық талдау жүргізу. |
|    | <b>Барлығы: 15 сағат</b>                                                              |

## №2 кредит

### Дисперсиялық талдау негіздері

Дисперсиялық талдаудың негізгі ұғымдары және қоғамдық денсаулық сақтауда қолданылуы. Бірфакторлы дисперсиялық талдау. Жалпы, факторлық және қалдық дисперсиялар. Фишердің F критерийі.

### Регрессиялық талдау негіздері.

Регрессиялық талдаудың негізгі ұғымдары және міндеттері. Регрессияның таңдама теңдеуі. Сызықты регрессияның параметрлерін таңдама бойынша бағалау. Ең кіші квадраттар әдісі. Регрессия коэффициентінің мәнділігі жөніндегі жорамалды тексеру.

### Корреляциялық талдау негіздері.

Корреляциялық талдаудың негізгі ұғымдары және міндеттері. Пирсонның корреляциялық коэффициенті және оның негізгі қасиеттері. Спирмен корреляциясының рангілік коэффициенті. Регрессия мен корреляцияның байланысы. Детерминация коэффициенті. Корреляция коэффициентінің мәнділігі жөніндегі жорамалды тексеру.

## №2 кредит дәрістерінің, практикалық сабақтарының, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптық жоспарының үлгілері

### Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

| №  | Тақырыптары                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | <b>Медицинадағы және қоғамдық денсаулық сақтаудағы дисперсиялық талдау негіздері.</b><br>Дисперсиялық талдаудың негізгі ұғымдары және әдістемесі. Бірфакторлы дисперсиялық талдау. Жалпы, факторлық және қалдық дисперсиялар. Дисперсиялық талдауды денсаулық сақтауда қолдану. |
| 5. | <b>Регрессиялық талдау.</b><br>Сызықтық регрессия. Ең кіші квадраттар әдісі. Регрессияның таңдама теңдеуі. Регрессия коэффициентінің мәнділігі жөніндегі жорамалды тексеру.                                                                                                     |
| 6. | <b>Корреляциялық талдау.</b><br>Сызықтық корреляция. Корреляция коэффициенті және оның негізгі қасиеттері. Корреляция коэффициентінің мәнділігі жөніндегі жора-                                                                                                                 |

|  |                                                               |
|--|---------------------------------------------------------------|
|  | малды тексеру. Спирмен корреляциясының рангілік коэффициенті. |
|  | <b>Барлығы: 3 сағат</b>                                       |

### Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

| №  | Тақырыптары                                                                                                                                                                                                             |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | <b>Сапалы белгілерді талдау</b><br>Орайластық кестелері. Пирсонның Хи-квадрат келісім критерийін қолдану.                                                                                                               |
| 2. | Дисперсиялық талдау. Дисперсиялық талдау көмегімен тексерілетін статистикалық жорамалдар. Жалпы, факторлы және қалдық дисперсиялар. Бірфакторлы дисперсиялық талдау әдісі. Фишердің F-критерийі.                        |
| 3. | <b>Регрессиялық талдау.</b><br>Сызықты регрессияның параметрлерін ең кіші квадраттар әдісі бойынша бағалау. Сызықтық регрессияның таңдама теңдеуін құру. Регрессия теңдеуінің параметрлері жөніндегі жорамалды тексеру. |
| 4. | <b>Корреляциялық талдау.</b><br>Сызықтық корреляция. Пирсонның корреляция коэффициенті. Параметрлер арасындағы байланыстың күші мен сипаты.                                                                             |
|    | <b>Барлығы: 12 сағат</b>                                                                                                                                                                                                |

### Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) тақырыптарының үлгісі

| №  | Тақырыптары                                                                                                                                                                                                                  |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Колмогоров-Смирнов келісім критерийі. SPSS, Statistica компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерді статистикалық өңдеу.                                                                                                 |
| 2. | Бірфакторлы дисперсиялық талдаудың әдісі. Факторлық және қалдық, жалпы дисперсияларды есептеу. SPSS, Statistica компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерді статистикалық өңдеу.                                        |
| 3. | Рангтік корреляция әдісі: Спирменнің рангілік корреляциясының коэффициенті. Statistica ортасындағы корреляциялық регрессиялық талдау. SPSS, Statistica компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерді статистикалық өңдеу. |
| 4. | Регрессия мен корреляция байланысы. Корреляция коэффициентінің мәнділігі. SPSS, Statistica компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерді статистикалық өңдеу.                                                             |
| 5. | Стандарттаудың тікелей әдісі және оны қолдану кезеңдері. Стандарттаудың тікелей және тікелей емес әдістері.                                                                                                                  |
|    | <b>Аралық бақылау</b>                                                                                                                                                                                                        |
|    | <b>Барлығы: 15 сағат</b>                                                                                                                                                                                                     |

## Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

| №  | Тақырыптары                                                                            |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Бірфакторлы дисперсиялық талдаудың параметрлік емес аналогы: Крускал-Уоллис критерийі. |
| 2. | Екіфакторлы дисперсиялық талдау әдісі.                                                 |
| 3. | Статистикалық зерттеуді ұйымдастыру.                                                   |
| 4. | Ауруларды қауіп-қатер факторы бойынша талдау.                                          |
| 5. | Эпидемиологиялық диагностикадағы аурулықтың көпжылғы динамикасын талдау.               |
| 6  | Statistica 6.0 бағдарламасында статистикалық талдау жүргізу.                           |
| 7  | SAS бағдарламасында статистикалық талдау жүргізу.                                      |
| 8  | SPSS бағдарламасында статистикалық талдау жүргізу.                                     |
|    | <b>Барлығы: 15 сағат</b>                                                               |

### Ескерту:

\* - ЖОО пәннің мазмұнын 20%-ға дейін өзгерте алады.

\* - ЖОО дәріс, практикалық сабақ, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптарының 40% -ын өзгерте алады

## 4 ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

- **Дәрістер:** шолу және мәселелік;
- **Практикалық сабақтар:** жеке тапсырмаларды жазбаша орындау. Тест тапсырмаларын орындау. Статистикалық критерийлерді қолданып статистикалық талдаулар жүргізу.
- **Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ):** ситуациялық тапсырмаларды шешу, берілген бағдарлама бойынша деректерді статистикалық өңдеу, бірфакторлы дисперсиялық талдау жүргізу; SAS, SPSS, STATISTICA компьютерлік бағдарламаларын қолданып деректерге статистикалық талдаулар жүргізу;
- **Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ):** студенттердің оқулықтарымен және қосымша әдебиеттермен, ақпараттарды электронды тасымалдағыштармен жұмыс істеуі; есептерді өз бетімен шешу, өзіндік жұмыстың тақырыбы бойынша дайындық деңгейін бағалау, SAS, SPSS, STATISTICA компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерге статистикалық өңдеулер жүргізу.

## 5 СТУДЕНТТІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

- **Ағымдық бақылау:** ситуациялық тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша сұрау, тестілік бақылау;
- **Аралық бақылау:** коллоквиум;
- **Қорытынды бақылау:** емтихан (жазбаша/ауызша сұхбаттасу, тестілеу және тәжірибелік машықтарды бағалау).

## 6 ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

- компьютерлер, мультимедиялық проекторлар, графопроекторлар, видеоаппаратура, экран.
- компьютерлік бағдарламалар және мультимедиялық оқу құралдары пакеті, тестілеу тапсырмалары мен ситуациялық есептер жиынтығы, математикалық кестелер, арнайы статистикалық кестелер, калькуляторлар, слайдтар.

## 7 ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ\*

### Қазақ тіліндегі

#### негізгі:

1. Ахметқазиев А.А., Кельтенова Р.Т. Математикалық статистика, Алматы «Экономика», 2002.

#### қосымша:

- 2 Бектаев Қ. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. Алматы: «Рауан», 1991.

### Орыс тіліндегі

#### негізгі:

- 1.Применение методов статистического анализа (для изучения общественного здоровья и здравоохранения). Под редакцией чл.-корр. РАМН, проф. В.З. Кучеренко. Учебное пособие.– М., ГЭОТАР - Медиа, 2011.
- 2.В.И.Зайцев, В.Г.Лифляндский, В.И.Маринкин. Прикладная медицинская статистика. Учебное пособие.- С-Петербург, Фолиант, 2006.
3. Жидкова О.И. Медицинская статистика (конспект лекций). – М. «Эксмо», 2007.
4. Савилов Е.Д., Мамонтова Л.М. и др. Применение статистических методов в эпидемиологическом анализе. – М. «МЕД пресс-информ», 2004.
5. Герасимов Л.Н. Медицинская статистика. М, МИА, 2007.

#### қосымша:

1. Жижин К.С. Медицинская статистика. – Высшая школа. Феникс. Ростов-на-Дону, 2007.
2. Банержи А. Медицинская статистика понятным языком. М., Практическая медицина, 2007.
3. Сергиенко В.И., Бондарева И.Б. «Математическая статистика в

- клинических исследованиях». М., «ГЭОТАР - Медиа», 2006.
4. В.И. Юнкеров, С.Г. Григорьев. Математико-статистическая обработка данных медицинских исследований. С-П., 2002.
  5. Гланц С. Медико-биологическая статистика – М.: Практика, 1999.
  6. Лукьянова Е.А. Медицинская статистика. – М: Изд. РУДН, 2002.
  7. Реброва О.Ю. Статистический анализ медицинских данных. Применение пакета прикладных программ STATISTICA. М, Медиа Сфера, 2002.
  8. StatSoft, Inc.(2001). Электронный учебник по статистике. Москва.
  9. StatSoft, WEB: // [www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm](http://www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm).

**Ескерту:** \*-Әдебиеттердің тізімі жыл сайын жаңартылуы мүмкін

## **АВТОРЛАР**

1. Имашева Б.С. - Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы директоры, профессор.
2. Аймаханова Айзат Шалқаровна – С.Д.Асфендияров ат.ҚазҰМУ-ң мед.биофизика, информатика және мат.статистика кафедрасының доценті, ф.м.ғ.к.;
3. Раманқұлова Алима Абдрамбековна - С.Д.Асфендияров ат.ҚазҰМУ-ң мед.биофизика, информатика және мат.статистика кафедрасының аға оқытушысы.
4. Чудиновских В.Р. – зав. кафедрой информатики, математики с курсом медбиофизики АО «МУА».
5. Абдикадыр Ж.Н. - старший преподаватель кафедры информатики, математики с курсом медбиофизики АО «МУА».
6. Байдуйсенова А.У. - Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығының әдіскері, доцент
7. Койчубеков Б.К. – Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің медбиофизика және информатика кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к.

# **ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА**

---

## **БАКАЛАВРИАТ**

### **БИОЛОГИЧЕСКАЯ СТАТИСТИКА**

**По специальности: 5В110400 - «Медико-профилактическое дело»**

**Объем часов – 90 (2 кредита)**

**Министерство здравоохранения Республики Казахстан**

**Астана 2011**

## **ПРЕДИСЛОВИЕ**

- 1 РАЗРАБОТАНА И ВНЕСЕНА** «Республиканским центром инновационных технологий медицинского образования и науки», Казахским национальным медицинским университетом им. С.Д. Асфендиярова, АО «Медицинский университет Астана», Карагандинским государственным медицинским университетом, Западно-Казахстанским государственным медицинским университетом им. М.Оспанова, Государственным медицинским университетом г. Семей, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академией.
- 2 ВВЕДЕНА впервые**
- 3 Типовая учебная программа** разработана в соответствии с государственным общеобязательным стандартом образования Республики Казахстан 2009 г. по специальности 5В110400 - «Медико-профилактическое дело»
- 4 Типовая учебная программа** утверждена и рекомендована к изданию приказом министра Здравоохранения РК №734 от 26 октября 2011 г.

## СОДЕРЖАНИЕ

|    |                                                                                                          |    |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. | Пояснительная записка.....                                                                               | 18 |
| 2. | Распределение часов дисциплины.....                                                                      | 20 |
| 3. | Содержание дисциплины и примерные тематические планы<br>лекций, практических занятий, СРСП, СРС<br>..... | 21 |
